# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№3 (1637)
31 қаңтар
2017 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz


**Елімізде қазақ тарихындағы тұғырлы тартыс 28-ші Бүкіләлемдік қысқы Универсиада ойындары бастау алды. 57 елдің спортшыларын бір арнаға тоғыстырған дүбірлі доданың ресми алауы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жағылды. Қазақстанның 16 өңірін аралап шыққан алауды салтанатты түрде жағу рәсіміне Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек, Спорт федерациясының өкілдері, белді спортшылар мен белсенді аға буын өкілдері, ҚазҰУ және жоғары оқу орындарының студенттері мен еріктілер атсалысты.**

# Қазақстан алға! ҚазҰУ самға!



Халықаралық деңгейдегі салтанатты шара алау көтерушілердің шеруі мен таңғажайып би қойылымымен басталды. Әлемнің миллиондаған тұрғындары тамашалаған мерекені Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек ашып берді. «Бүгінгі алауды жағу рәсімінің қазақ білімінің қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтуі, әрине, тегін емес. Бұл іргелі оқу орны талантты жастарды тәрбиелеп, қатарға қосуда қашанда көш басында», – деді қала әкімі құттықтау сөзінде.

Алау тостағанының жанында Алматының ең үздік 7 студенті ғылымның 7 түрін бейнеледі. Олардың ішінде ҚазҰУ-дың екі студенті бар.

Жалынды отшашудың сүйемелдеуімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Жастар ұйымдары комитетінің төрайымы Айсұлу Ерниязова қысқы Универсиада–2017 символы – Жеңіс алауын жағып, оны алғашқы алау көтеруші Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбекке табыстады.

Жеңіс алауын алып жүру құрметіне 100 алматылық, білім мен ғылымда, мәдениет пен спортта табысқа жеткен азаматтар ие болды. Олардың ішінде ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов, ҚазҰУ Жастар комитетінің төрағасы Айсұлу Ерниязова, ҚазҰУ студенттері – жүзуден Риодағы Олимпиада чемпионы Дмитрий Баландин, волейболдан спорт шебері Сабина Алтынбекова, қазақ күресінен әлем чемпионы Ғұсман Қырғызбаев бар.

Алатаудың баурайында сән мен салтанат құрған алау Алматы аренадағы жалынды жастар жарысының ашылуына ұласты.

Универсиада – ел өміріндегі елеулі оқиға. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек өз сөзінде: «Универсиада ойындары – бұл тек студент жастардың сайысы ғана емес, әлем халықтарының достық пейілі мен көтеріңкі көңіл-күйінің жарқын көрінісі. Дүниежүзілік спорттағы ауқымды дода Елбасымыздың қолдауымен қасиетті қазақ жерінде, Алматы қаласында тұңғыш рет өтіп отыр. Бұл әлем жұртшылығының Қазақстан Республикасы мен оның жасампаз халқына, елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа деген ерекше сенімі және лайықты құрметі», – деп айтулы аламанның маңыздылығын атап өтті.

Ауқымы жағынан Олимпиада ойындарымен пара-пар спорттық сайысқа оқ бойы оза шапқан жүйріктер қатысуда. Оның ішінде Қазақ ұлттық университетінің 11 студенті бәйгеге іліккен. Олар: мәнерлеп сырғанау бойынша «Халықаралық қатынастар» мамандығының 1-курс студенті Жансая Адыханова, конькимен жүгіру спорты бойынша «Халықаралық құқық» мамандығының 1-курс студенттері – Федор Мезенцев, Артур Сергиенко, Роман Креч, «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1-курс студенті Дмитрий Морозов пен 1-курс магистранты Дарсиль Эссамамбо, шаңғымен секіру спорты бойынша «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1-курс студенті Даяна Ахметвалиева, шаңғы қоссайысы бойынша «Халықаралық құқық» мамандығының 1- курс студенті Айбек Әли, шайбалы хоккей бойынша «Дене шынықтыру және спорт мамандығының 3-курс студенті Аида Олжабаева мен «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының түлектері – Меруерт Рысбек пен Дария Молдабай.

*Жалғасы 2-бетте*

# ПОВЫСИТЬ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ

**Обращение Главы государства Нурсултана Назарбаева по вопросам перераспределения полномочий между ветвями государственной власти обсудили ученые КазНУ им. аль-Фараби на 47-ой международной научно-методической конференции «Повышение конкурентоспособности и экспортного потенциала образовательных программ университетов» в рамках заседания Учебно-методического объединения РУМС.**

Новый политический мэсседж определил вектор дальнейшего развития демократических принципов управления страной. Часть полномочий Президента перейдет Парламенту и Правительству.

Поддерживая реформу Лидера нации, ректор КазНУ им. аль-Фараби академик Галым Мутанов на конференции отметил о возрастающей тенденции общественно-профессионального управления и роли академических, научных, экспертных и профессиональных сообществ, которые будут дополнять государственный аппарат управления, создавая реальную систему государственно-экспертного сотрудничества.

«На новом этапе политического строительства высшие учебные заведения призваны укрепить диалог между гражданским обществом и государством. Университеты должны принять активное участие во всенародном обсуждении конституционной реформы, важная задача - разъяснение основных положений президентской инициативы.

*Продолжение на 4 стр.*

# ВЕКТОР НОВЫХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ

**Главной темой на заседании ректората КазНУ стало обращение Президента Республики Казахстан по вопросам перераспределения полномочий между ветвями власти. О новом векторе демократичесих преобразований выступили ректор Г. Мутанов, декан юридического факультета Д. Байдельдинов, декан факультета международных отношений К. Шакиров, директор департамента по воспитательной работе Ж. Есимова.**

Спикерами было отмечено, что обращение Лидера нации Нурсултана Назарбаева по вопросам перераспределения полномочий между ветвями власти определило вектор дальнейшего развития демократических принципов управления страной. Идеи, изложенные Главой государства, прежде всего, направлены на активное вовлечение общественных организаций, политических партий, местных органов власти в непосредственное управление государством. Делегирование Президентом части полномочий Парламенту и Правительству является велением времени и отвечает интересам и будущему развитию страны, укрепит систему государственной власти, даст ей запас прочности в условиях мирового кризиса, позволит успешно реализовать намеченые цели по построению сильного, конкурентноспособного и процветающего государства.

*Продолжение на 2-стр.*

## БҮГІНГІ САНДА:


ЮРИДИЧЕСКИЕ РИСКИ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЕДИЦИНСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ



5-стр.

ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТ



6-бет

ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕЙТІН ОҚУ ОРДАСЫ



7-бет

Жалғасы. Басы 1-бетте

# Қазақстан алға! ҚазҰУ самға!

Сондай-ақ, Бүкіләлемдік Универсиада-2017 ойындарындағы Қазақстан құрамасының намысын қорғайтын ең үздік спортшылар қатарына ҚазҰУ спортшылары енгенін айта кетпеске болмас.

Ордалы оқу орнының білім және ғылыммен қатар, спорт саласындағы бүгінгі жетістігі мен жеңістері – университет ұжымының елеулі еңбегінің жемісі. ҚазҰУ-да қазіргі таңда спорттың 30-дан астам түрі қарқынды дамыған. Спорттық секциялар клубтық пішінде жұмыс істеп жатыр. Студенттерге арналған жүзу бассейні бар. Студенттерді салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мақсатында «Саламатты дене мәдениеті» жобасы жүзеге асырылуда. Кеше мен бүгін де Қазақ ұлттық университеті спорт әлемінде сөзсіз көш бастап келеді.

Спорт тарихына көз жүгіртсек, 1976-1980 жылдары 2 дүркін Олимпиада чемпионы, баскетболдан 5 дүркін Әлем


Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ (фото)



чемпионы Надежда Ольхова, 1988 жылы биікке секіруден Олимпиада ойынының қола жүлдегері Ольга Турчак, 8000 метр биіктіктен жоғары 14 шыңды бағындырған 2012 жылы Әлем чемпионы Василий Пивцов және бокстан 2000 жылғы Олимпиада чемпионы Ермахан Ибраимов, 2012 жылы ауыр атлетикадан Олимпиада чемпионы Светлана Подобедова, 2008 жылы дзюдодан Олимпиада ойындарының вице-чемпионы Асхат Житкеев сынды бүкіләлемдік спорт элитасына кірген спортшылар ҚазҰУ қабырғасында білім алған.

Ал Рио-де-Жанейрода өткен 2016 жылғы Олимпиада ойындарына университетімізден 17 студент қатысып, Елдос Сметов қола, Эльмира Сыздықова күміс жүлдегер атанса, Дмитрий Баландиннің Олимпиада ойындарында жүзуден қазақ спорты тарихындағы алғашқы алтын медальды қанжығасына байлағанын білеміз.

Бұдан бөлек 2015 жылы Оңтүстік Кореяның Кванджу қаласында өткен Бүкіләлемдік жазғы Универсиада ойындарында Қазақстан қоржынына түскен 6 алтын медальдің 5-еуін ҚазҰУ спортшылары жеңіп алған болатын. Республика бойынша ҚазҰУ – жазғы Универсиада ойындарының бес дүркін чемпионы.

Тамыры тереңге жайылған бәйтеректей ҚазҰУ студенттік спортта да сап бастап тұр. Саңлақтар өрнегін салған қасиетті қарашаңырақта спорттың өшпес ізі бар. Қазақ спортының арландары мен тарландарының жолын жалғаған жас буынның шығар шыңы алда, бағындырар белесі биік болатынына кәміл сенеміз!

**Жазерке ҚАРАТАЕВА,**
**Элмира ЗУЛЬБУХАРОВА**

## Новости науки

**Родиевые катализаторы для производства качественного моторного топлива разработаны в Институте проблем горения.**



Новые методы получения отечественных родиевых катализаторов с повышенной продуктивностью на углеродном носителе разработаны учеными Института проблем горения.

Новые катализаторы обладают высокой селективностью при гидрогенизации ароматических углеводородов и могут быть использованы для получения экологически чистого моторного топлива. Команда ученых под руководством автора проекта к.х.н. С.К.Танирбергенова установила, что технология позволяет гидрировать бензол и его гомологи на родиевых катализаторах, превращая бензол в бензине в экологически более безопасный циклогексан.

Авторами проекта синтезированы родиевые углеродные образцы катализаторов на основе глин и цеолита, а также разработана методика синтеза углеродных носителей и методы модифицирующих активных компонентов.

**nauka.kz**

РЕКТОРАТ *Продолжение. Начало на 1 стр.*

# ВЕКТОР НОВЫХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ



Идеи, озвученные в обращении Президента, получили живой отклик и всемерную поддержку ученых КазНУ. Участники заседания выразили готовность внести свой вклад в реализацию важных для страны демократических преобразований.

С отчетом финансового анализа и эффективности активов выступил управляющий директор М. Дербисалиев. Итоги мониторинга показали, что с 2010 г. по 2016 г. вуз показывает стабильный рост доходов и рыночной стоимости. По сравнению с 2010 г. темп прироста доходов вырос на 59%, уровень расходов обеспечен на стабильном уровне, а рыночная стоимость университета выросла в 2,5 раза.

О состоянии кураторской работы в КазНУ рассказала директор департамента по воспитательной работе Ж. Есимова. Спикер ознакомил собравшихся с рейтинговой системой оценки деятельности кураторов-эдвайзеров. Высокие результаты работы показали кураторы факультета журналистики, юридического и физико-технического факультетов.

Об итогах 47-ой научно-методической конференции, проведенной в рамках Республиканского учебно-методического совета рассказал проректор по учебной работе А. Хикметов. В ходе заседания были подписаны ряд соглашений и договоров. Среди них договор о сотрудничестве КазНУ с региональным представительством АО «Лаборатория Касперского». В рамках партнерства на механико-математическом факультете был открыт Центр информационной безопасности «Лаборатория Касперского». Также состоялось подписание меморандумов о сотрудничестве КазНУ с Южно-Уральским государственным университетом и Каспийским государственным университетом технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова.

В рамках заседания РУМС ученый секретарь НАН ВШК А.Купчишин и Президент Международной обсерватории по академическому ранжированию и превосходству (IREG) Ян Садлак подписали соглашение о партнерстве. Особый интерес участников РУМС вызвала национальная платформа массовых образовательных онлайн курсов (МООК), инициированная нашим университетом. Данный проект набирает популярность, и на сегодняшний день к нему присоединились более 15 вузов Казахстана.

В завершение ректората был заслушан отчет академика Т. Кожамкулова о поездке ученых КазНУ в Европейскую организацию по ядерным исследованиям (ЦЕРН). В результате достигнутых договоренностей молодые ученые университета смогут участвовать в научных исследованиях и стажироваться в ЦЕРН.

**Анвар УШУРОВ**

## Огонь 28-й Всемирной зимней Универсиады зажгли в КазНУ



**Каримжан ШАКИРОВ,**
*д.ю.н., профессор,*
*декан факультета международных отношений*

## ВЕЛИКА ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

Обращение Главы государства Нурсултана Назарбаева по поводу предстоящей реформы государственных органов является вполне естественным и понятным, поскольку наша страна подошла к очередному историческому этапу своего демократического развития.

Как подчеркнул в своем Обращении Лидер Нации, предстоящие перемены демократического устройства страны станут дальнейшим воплощением провозглашенных пяти институциональных реформ.

Оценивая сущностную основу этой реформы, необходимо исходить из двух провозглашенных ранее позиций официальной государственной политики. Прежде всего, напомню, что возможность подобного реформирования, а именно перераспределения полномочий власти никогда и никем, включая Президента Нурсултана Назарбаева, не отрицалась. И второе: надо иметь в виду, что факт наличия в государстве президентской формы государственного правления не ставится действующей властью под сомнение. Об этом Лидер Нации напомнил на торжественном собрании, посвященном 25-летию Независимости Казахстана.

Отсюда предложения авторитетной рабочей группы, созданной Президентом Н. Назарбаевым, свелись к трем основным направлениям. Первое – это усиление роли Парламента за счет перераспределения законодательно установленных полномочий Главы государства. В этом случае предполагается, с одной стороны, усиление полномочий высшего законодательного органа по формированию Правительства. А с другой – усиление подотчетности Правительства перед Парламентом и его палатами.

Вторая часть предложений затрагивает вопросы повышения эффективности самого Правительства за счет укрепления его самостоятельности и ответственности. В целом это вопросы социально-экономической сферы – управления экономикой, финансами, государственным имуществом и решения отдельных вопросов административно-территориального устройства.

И, наконец, мощный блок предложений, связанный с вопросами дальнейшего совершенствования деятельности судебной и правоохранительных систем. Подчеркну, что основное значение предлагаемой реформы – это укрепление ответственности на всех уровнях государственной власти и управления. Реформы аналогичного рода – не частое явление в нашей стране, поскольку их проведение потребует внесения изменений в ряд конституционных норм. Вот почему важно значение предложенного Президентом РК конструктивного обсуждения общественностью итогов работы рабочей группы. И в этом плане научное сообщество Казахского национального университета им. аль-Фараби готово внести максимальный вклад в предлагаемые Лидером Нации демократические реформы государственного устройства нашей страны.

**Даулет БАЙДЕЛЬДИНОВ,**
*д.ю.н., профессор,*
*декан юридического факультета*



## ВЕКТОР ДАЛЬНЕЙШЕЙ ДЕМОКРАТИЗАЦИИ

Выступление с обращением Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева по вопросам перераспределения полномочи между ветвями власти определило вектор дальнейшей демократизации управления суверенным Казахстаном. Фактически Президент готов пересмотреть содержание и объемы собственных полномочий, передав часть иным государственным институтам.

Импонирует философия демократизации и децентрализации государственной власти, сформулированная Главой государства. Идеи, изложенные Президентом, прежде всего направлены на активное вовлечение общественных организаций, политических партий, местных органов власти в непосредственное управление государством. Данный процесс закономерно будет эффективным и полным, если пройдет по всей вертикали государственных органов, затрагивая Парламент и Правительство страны.

Конституционная реформа, предлагаемая Президентом страны Н. Назарбаевым, найдет свое правовое закрепление путем внесения изменений и дополнений в целый ряд конституционных законов: «О Президенте РК», «О Правительстве РК», «О Парламенте РК и статусе его депутатов», Закон РК «О местном государственном управлении и самоуправлении в РК», в другие законодательные и подзаконные акты. Учитывая высокий уровень предстоящих изменений и особый статус субъектов конституционной реформы, принятие решения будет вынесено на всенародный референдум.

Предложения Президента усиливают самостоятельность и роль Правительства. В частности, Глава государства предлагает отказаться от права отменять или приостанавливать действие актов Правительства или Премьер-Министра. Кроме того, расширятся полномочия министров, их самостоятельность и оперативность управления, что, в свою очередь, повлечет повышение их ответственности за порученную работу.

Фактически Президент передает полномочия и наделяет большей самостоятельностью не только Парламент и Правительство. Думаю, что децентрализация власти коснется деятельности министерств и ведомств, часть их государственных функций, а значит и ответственности, должна перейти научным, экспертным и профессиональным сообществам. Они будут дополнять государственный аппарат управления, создавая реальную систему государственно-экспертного сотрудничества.

Возможно на первоначальном этапе будет выработана концепция, а дальнейшая работа продолжится с участием не только политических партий, но и широкого круга общественности и населения.



**Сейілбек МҰСАТАЕВ,**
*с.ғ.д., саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры*

## БИЛІК ӨКІЛЕТТІКТЕРІН ҚАЙТА БӨЛУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қазақстанның өз тәуелсіздігін нығайтуы мен әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енуіне күшті президенттік биліктің өзіндік ықпалы болғанын қазір бүкіл әлем мойындап отыр. Бірақ супер президенттік биліктің шегі болады, ол негізінен белгілі бір тарихи кезеңді, негізінен дағдарысты еңсеру кезеңдерінде өзін-өзі ақтайды. Елбасымыз билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу туралы оң шешім қабылдап, арнайы үндеуін жариялады. Мұндай қажеттілік туралы Президентіміз «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамында» арнайы тоқталып, президенттік-парламенттік басқаруға өту, халыққа есеп беретін кәсіби мемлекет құру мәселесін көтерген еді. Енді, міне, сол саяси реформалардың нақты жүзеге аса бастағанына куә болып отырмыз.

Президенттің бастамасымен Парламенттің өкілеттігі кеңейіп, Үкіметті жасақтаудағы рөлі артпақшы, енді Үкімет Парламентке есеп беріп отырады. Сол сияқты, Үкіметтің де өкілеттіктері көбейетін болды, яғни, түптеп келгенде билік тармақтарының жауапкершілігі артып, тиімді жұмыс істейтін болады. Әрине, мұның барлығы күтілетін нәтижелер.

Саяси жүйені демократияландырамыз, күшті парламент жасаймыз, жауапты үкімет жасақтаймыз десек, біріншіден – елімізде шынайы көппартиялық жүйе қалыптасуы керек, екіншіден, қызу саяси бәсекелестікке негізделген сайлаулар өтуі қажет, үшіншіден – бұл екеуі іске асуы үшін азаматтардың саяси сауаттылығын көтеріп, халықтың саяси қатысуға қол жеткізуіміз қажет.

Елімізде демократияны дамытамыз десек, ең алдымен халықтың саяси санасын дұрыстауымыз керек. Демократия өзіндік қоғамдық құрылыс саналады, олай болса, кез келген құрылыстың бастауы берік іргетастан қаланатынын ұмытпайық. Демократияны дамытуға барлық саяси әлеуметтендіру институттарын тартып, қоғамдық ғылымдардың әлеуетін кешенді пайдалануымыз қажет. Мысалы, бір ғана саясаттанудың әлеуетін дұрыс қолданып, мектептің жоғары сыныптарынан бастап, арнаулы және жоғары оқу орындарында жаппай міндетті түрде саясаттануды оқыту арқылы демократиялық саяси сана мен мәдениетті қалыптастыруға, азаматтарды саяси қатысуға жан-жақты дайындауға болады. Саяси өмірге қатысудың негіздерін игеріп, саяси құқықтар мен бостандықтар, сайлау, саяси партия, өкілеттілік, мемлекет, билік түрлері мен бөлінісі, саяси жүйе, азаматтық қоғам, идеология сияқты басты ұғымдарды білетін саяси сауаты бар азамат демократиялық қоғамның дамуына бір кісідей үлес қосары сөзсіз.

**Райгүл ДОСЖАН,**
*PhD, ЭжБЖМ-нің аға оқытушысы*



## ЕЛБАСЫ ҮНДЕУІ – ИГІ ІСТЕРДІҢ ЖАЛҒАСЫ

*Экономикалық саясаттың ең кемелі –*
*экономикалық өсуге бағытталған саясат.*
***Карлос Гутьеррес***

Елбасымыз ел үшін аса маңызды мәселе – әр отандасымыздың құқықтарының тамырын қозғайтын Ата заңымызға өзгерістер енгізудің қажеттігін мәлімдеді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстанның әлемнің 30 дамыған елімен иық тірестіруі мақсатында күрделі институционалды реформаларды қамтитын жүз нақты қадам бағдарламасын ұсынып, 2015 жылы Ұлт жоспарын негіздеді. Президенттің бес тармақты реформалары елді түбегейлі жаңғыртуды меңзейді.

Демократиялық қоғамның бірден-бір көрінісі ретінде соңғы жылдары үрдіс алған билік өкілдерінің халық алдында есеп беруі мен ашықтығын атауға болады. Ұлт жоспарының бесінші реформасында көрініс тапқан нақты қадамдар Елбасының осы тарихи үндеуінде экономика мен саясатты ортақ мүддеге тоғыстыра отырып, жалғасын таппақшы.

Әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу қызметі Үкімет пен басқа да атқарушы органдарға жүктеліп, тіпті бұдан былай мемлекеттік бағдарламаларды бекіту мен оларға қатысты жауапкершілік толығымен Үкіметтің міндетіне айналмақ. Яғни, маңызды реформа Президенттің өзінің бірқатар өкілеттік міндеттерін Үкімет пен Парламентке аудару арқылы елді басқарудың тиімді, тұрақты және заманауи жүйесін құруды басшылыққа алады.

Елбасы өз үндеуін халыққа жолдай отырып, ұсынып отырған конституциялық реформаны халықтың жан-жақты талқылауының қажет екендігін, отандастардың пікірінің маңызы зор екендігін атап өтті. Осы маңызды мәселемен айналысу үшін арнайы жұмыс тобы құрылып, реформаға қатысты барлық сұрақтарды жан-жақты зерттеп, қоғамдық талқылауға шығару үшін ұсыныстар жиынтығын әзірлейтін болады.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосатын, қоғамды дұрыс бағытқа бастар игі істер жалғасын тауып жатқаны қуантады. Елбасының соны бастамасын қолдап, ой пікірімен бөлісетін, демократия ұғымын дұрыс түсінетін, қоғамның дамуына өз үлесін қоса алатын азаматтар қатары азаймаса екен. Бұл үндеу – халқымызды баянды болашаққа бастайтын маңызды қадам.

**Универсиадада Қазақстанның хоккейден әйелдер құрамасы Ұлыбритания командасын 11:0 есебімен жеңді, олардың ішінде ҚазҰУ студенттері – Аида Олжабаева, Меруерт Рысбек, Дария Молдабай бар**

*Продолжение. Начало на 1 стр.*

# ПОВЫСИТЬ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ



Вузам и профессиональным сообществам предстоит осваивать новые технологии общественной работы по реализации Пяти институциональных реформ и воплощению ценностей Конституции и национальной идеи «Мәңгілік Ел», - отметил Галым Мутанов.

Ректор КазНУ подчеркнул, что в связи с необходимостью активного поиска эффективных стратегий управления и модернизации существующих моделей государственного и общественного управления, процесс по перераспределению полномочий между ветвями государственной власти, озвученный Президентом, - это еще один верный шаг на пути демократизации.

Ученые КазНУ им. аль-Фараби одними из первых откликнулись на призыв укрепления демократии и построения уникального казахстанского пути развития. Учебно-методическое объединение Республиканского учебно-методического совета (РУМС) реализует государственную политику в области высшего образования и развития науки. Ее деятельность совпадает с глобальными трендами в системе управления.

Следует отметить, что мероприятие было направлено на исполнение 79-ой позиции Плана нации «100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ», которая предполагает поэтапный переход на английский язык обучения в старшей школе и вузах, а также повышение конкурентоспособности выпускаемых кадров.

В свете тенденций, наметившихся в мировом сообществе и современном казахстанском обществе, следует повысить роль РУМС как общественно-профессиональной структуры, которая призвана способствовать развитию системы образования. Конечной целью данной модернизации является формирование инновационного типа управления, отвечающего новым задачам служения обществу и укреплению государственности.

Конференция стала одной из крупнейших диалоговых площадок для представителей МОН РК, вузов, работодателей и экспертов. В течение двух дней участники научно-методической конференции расширили спектр сотрудничества отечественных вузов с зарубежными партнерами и сформулировали конкретные рекомендации, а также предложения для Министерства образования и науки.

Программа и работа конференции были выстроены вокруг трех ключевых направлений, напрямую связанных с решением задачи, поставленной Главой государства перед отечественной сферой образования, — повысить экспортный потенциал образовательных программ.

Участники обсудили вопросы аккредитации, сертификации, менеджмента, мониторинга качества содержания и реализации образовательных программ. Также они уделили внимание вопросам повышения узнаваемости казахстанских университетов.

«Высокие позиции университетов в международных рейтингах являются путеводителем для иностранных студентов и родителей в выборе лучшего университета по всему миру. В США и в странах Европы из-за высокой стоимости обучения многие проходят семестры в других вузах. Такая тенденция могла бы стать выгодной для многих вузов с хорошими рейтингами и стать источником серьезных финансовых инвестиций в страну», - отметил Президент IREG Ян Садлак.

В рамках конференции прошла специальная секция, посвященная программе ООН «Академическое влияние» (UNAI). В ней приняли участие представители более 20 вузов Центральной Азии и Казахстана. Совместно с Международной обсерваторией по академическим рейтингам (IREG) и Национальной академией наук высшей школы Казахстана (НАН ВШК) прошло семинар-совещание по проблемам продвижения вузов в мировом образовательном пространстве, системам гарантии качества и использованию вузами новейших информационно-коммуникационных технологий.



Научно-методическая конференция КазНУ приобретает высокий международный статус. Ежегодно ведущие эксперты обсуждают широкий спектр глобальных вопросов, связанных с современными тенденциями развития и интернационализации высшего образования.

В работе конференции приняли участие руководители более 50 вузов Казахстана и зарубежных стран, международные эксперты в области менеджмента образовательных программ, работодатели, ученые и представители Министерства образования и науки РК. По итогам мероприятия была принята резолюция.

**Соб.корр.**

# ЖЕМІСТІ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫС

**Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени қарым-қатынастың алғашқы ресми байланысы 1990 жылдың желтоқсанында орнатылып, екі ел үкіметтері мәдени байланыс орнату туралы келісім құжаттарға қол қойды.**

Бұл құжаттарда жастарға білім беру саласында көрсетілетін көмек, жоғары оқу орындарындағы қарым-қатынас, бірлескен ғылыми жобалар жасау, студенттермен, әр түрлі саладағы мамандар және ғалымдармен өзара алмасу, халықаралық семинарлар, конференциялар, фестивальдер өткізу, көрмелер ұйымдастыру, мәдени орталықтар ашу, театрлық, музыкалық және түрлі шығармашылық ұйымдардың арасындағы қарым-қатынастарды қолдау, марапаттау, қазақ жазушыларының шығармаларын түрік тіліне, ал түрік жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аудару және тағы басқа да мәдени саладағы қатынастар туралы шаралар нақты көрініс тапты.

Түркия мемлекеті мен Қазақстанды байланыстырған осы шаралар республика жұртшылығы тарапынан қызу қолдау тапқаны баршамызға мәлім. Сондықтан бүгінгі күні қазақ-түрік ынтымақтастығы кең әрі жан-жақты екендігін және де халықаралық аренада қарым-қатынастарының артқандығын қуана айтуға болады. Осындай игі шаралардың бірі ретінде Түркияның Еуразия кітапханашылар қауымдастығының төрағасы Мұстафа Чалышқан мырзамен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, тарих, археология және этнология факультетінде өткен оқытушы-профессорлардың кездесуін атауға болады.



Кездесу барысында М. Чалышқан Түркия мемлекетіндегі кітап басу ісі мен бүгінгі күні қолданылатын технологиялар төңірегінде өз ойын ортаға салды. Сондай-ақ түбі бір түркі қазақтарының шығу тарихы мен мемлекет болып қалыптасуы төңірегінде факультеттің оқытушы-профессорларының еңбектерімен танысып, болашақта Түркия мемлекетінде түрік тіліне аударып шығару ниетін білдірді. Осындай еңбектер қатарында факультеттің профессоры, т.ғ.д. Т.О. Омарбековтің «Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны» және т.ғ.д., профессор Б.Б. Кәрібаевтың «Қазақ хандығының күшеюі» деген еңбектерін Түркияда түрік тілінде баспадан басып шығаратындығы туралы хабарлады. Бұл – Түркияның түркі тілдес қазақ халқының шығу тарихына деген қызығушылығының көрінісі. Мәдениет пен өнер, білім мен ғылым саласындағы екі ел арасындағы тығыз қарым-қатынас – тарихи шығу тегі бір халықтардың бір кезде үзіліп қалған рухани бауырластығын қайта қалпына келтіру жолындағы көпір іспеттес.

Қазақстан мен Түркия мемлекеттері арасында тұрақты дипломатиялық қатынастармен қатар, екі туысқан ел халықтарының мәдениет, білім мен ғылым, рухани саладағы байланыстарының негізі қаланғанын сеніммен айтуға болады. Түркі халықтарының шығу тегі мен қалыптасу тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын Түркия халқына таныстыру мақсатында ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің ғалым-профессорларының ғылыми еңбектерін жарыққа шығару – екі халық арасындағы тарихи сабақтастықты жалғастырудың маңызды қадамы болып табылады. Бұл түркі елдерінің келешекте де мәдени-рухани саладағы интеграциясының негізі деп айтуға болады.

**Г.Б. ҚОЗҒАМБАЕВА,**
*Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, т.ғ.к.*

***В КазНУ открылся Центр информационной безопасности «Лаборатория Касперского»***

# Ұлтын ұлықтаған ұстаз



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, тарих, археология және этнология факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Қуанышбек Сүлейменұлы Қаражан биыл мерейлі 70 жасқа толып отыр.**

Профессор Қ.С. Қаражан – республикамызға кеңінен танымал Қазақстанның қазіргі заман тарихының белгілі маманы. Отан тарихымен шұғылданушы кез келген тарихшылар мен тарих ғылымына қызығушылар ғалымның есімімен етене таныс. Себебі профессор Қ.С. Қаражан 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы, ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игерудің нәтижелері мен салдары, тың игеру жылдарындағы Қазақстанның бұрынғы Кеңестер Одағы құрамындағы өзге республикалармен қарым-қатынасы туралы мәселелер төңірегінде кеңінен ізденістер жүргізіп қана қоймай, осы кезеңге қатысты мамандanушы студенттер, магистранттар және PhD докторанттарға бағыт беруші, әмбебап дәріскер ретінде елімізге танымал. Ол – 100-ге тарта ғылыми зерттеулер, оқулықтар, мақалалар мен оқу құралдарының авторы.

Бар ғұмырын болашақтың білімді де білікті мамандарын дайындауға бағыттаған ұстаз-ғалым Қуаныш Сүлейменұлының 35 жылдық еңбек жолы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен тікелей байланысты. Қуанышбек Сүлейменұлының 70 жасқа толу мерейтойы 27 қаңтар күні тарих, археология және этнология факультеті Ғылыми кеңесінің кеңейтілген мәжілісінде арнайы аталып өтті. Салтанатты шараға ұстазымыздың жақын достары, әріптестері, шәкірттері келіп, қуанышына ортақтасты. Мерейтой иесіне жоғары мемлекеттік лауазымды тұлғалардың атынан арнайы құттықтау хаттары келіп түсті. Олардың ішінде ҚР премьер-министрі Б.Ә.Сағынтаевтың, ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғ.М. Мұтановтың арнайы құттықтаулары бар. Құттықтаулар легі бұдан әрі қарай ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, университет ректорының кеңесшісі Т.Ә. Қожамқұлов, т.ғ.д., профессор, ҚР Гуманитарлық ғылым академиясының академигі, ҚР Еңбек сіңірген ғылым қайраткері У.Х. Шәлекенов, профессор, ҚР Гуманитарлық ғылым академиясының академигі, білікті тарихшы, шығыстанушы, түркітанушы және көрнекті ұстаз Ә.С. Чупеков, т.ғ.д., профессор, ҚР Жоғарғы мектебі мен ғылымының көрнекті ұйымдастырушыларының бірі А.Қ. Құсайынов, Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, т.ғ.д., профессор, Х.М. Абжанов, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Б.Б. Кәрібаев және тағы басқа республикамызға танымал ғалымдар мен шәкірттерінің жылы лебізіне ұласты.

Қ.С. Қаражанның ұзақ жылдар аралығында атқарған жұмыстары мен ізгілікті істері, ғылыми жұмыстары мен олардың құндылығы, маңыздылығына қатысты толғамды пікірлер айтылды.

Өнегелі өмір иесі, ұлағатты ұстазымыз Қуанышбек Сүлейменұлын тағы да факультет атынан мерейтойымен құттықтап, отбасына амандық, ұстаздық, ғалымдық, шығармашылық жұмыстарына үлкен табыстар тілейміз!

**К.Е. АБИКЕНОВА,**
*т.ғ.к., Қазақстан тарихы кафедрасының доценті м.а*

# ЮРИДИЧЕСКИЕ РИСКИ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ **МЕДИЦИНСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ**

**В связи с возникающими трудностями в понимании и правильном применении законодательных актов, а также имеющимися правовыми вопросами в деятельности медицинских организаций кафедра политики и организации здравоохранения медицинского факультета – ВШОЗ КазНУ им. аль-Фараби, учитывая актуальность проблемы, провела круглый стол на тему «Юридические риски в деятельности медицинских организаций».**



В работе круглого стола участвовали представители юридических структурных подразделений медицинских организаций со всех регионов страны, Научно-исследовательского центра Алматинской Академии МВД РК, а также эксперты Казахского национального медицинского университет им. С.Д. Асфендиярова и Казахского медицинского университета непрерывного образования.

Законодательная база в области здравоохранения в нашей стране многократно подвергалась изменениям с начала обретения независимости. Это связано с реформами в сфере медицинского образования и в области ее финансирования, методов и форм управления медицинскими организациями, а также общим экономическим развитием республики. К сожалению, вновь разработанные законодательные акты не всегда отражают сущность, так как формулировки в них могут носить неоднозначный характер. Это, в свою очередь, может повлечь уголовную или гражданско-правовую юридическую ответственность. Также значимую роль играет отсутствие информированности и правильной интерпретации вносимых изменений в условиях перехода медицинских организаций на новые формы управления, новые источники финансирования и др.

В связи с этим основной целью круглого стола явилось обсуждение юридических рисков в деятельности медицинских организаций, а именно: обсуждение единых путей в решении актуальных и наиболее значимых проблем с целью предотвращения нарушений законодательства в сфере здравоохранения.

Модераторами круглого стола выступили доктор медицинских наук, заведующая кафедрой Политики и организации здравоохранения Гульнара Капанова и доктор юридических наук, профессор Международного университета информационных технологий Касым Мауленов. На мероприятии были обсуждены и выработаны решения по целому ряду актуальных тем. К.С. Мауленовым был сделан обзор по защите интересов медицинской организации и пациентов по законодательству Казахстана, где автором было отмечено отсутствие медицинского Кодекса. В продолжение этой тематики, демонстрируя актуальность проблемы И.С. Приходько - начальник 2-го отделения Алматинской Академии МВД РК, подполковник полиции доложила о проведенном уголовно-правовой анализе медицинских правонарушений. К сожалению, большинство правонарушений зависят от руководства медицинских организаций, где зачастую принимаются некомпетентные, единоличные решения. В связи с этим профессор Ж.А. Калматаева акцентировала, что корпоративное управление предотвращает риски в управлении медицинской организацией. Эксперт отметила положительную тенденцию в менеджменте лечебно-диагностического сектора, а именно то, что в государственных предприятиях внедряется работа Наблюдательных советов как элемента корпоративного управления. Профессор Т.С. Хайдарова подняла вопрос о рисках, связанных с введением обязательного социального медицинского страхования с 2018 года, и отметила, что плановерная профилактическая работа позволит избежать ошибки.

Особую заинтересованность участники круглого стола проявили к вопросу профессиональных ошибок в здравоохранении, определению термина «врачебной ошибки» и меры ответственности медицинских работников. Так, доцент Казахстанского медицинского университета непрерывного образования А.С. Жаппарова осветила проблему врачебных ошибок, которые сегодня остро стоят в нашем обществе. Ею была выделена недостаточно изученная проблема определения степени вины медицинского работника и вопрос необходимости страхования данных рисков, которые, к сожалению, не имеют юридического подкрепления в законодательстве РК. Профессор А.Д. Сапаргалиева провела анализ системных ошибок при материнской смертности по Казахстану. Представители Академии МВД РК главный научный специалист научно-исследовательского отдела, майор полиции З. Какимжанкызы и капитан полиции Б.Н. Тажибаев выступили с докладами «О проблемах, возникающих в расследованиях медицинских правонарушений» и «О правовом регулировании при врачебных ошибках».

Региональные юристы медицинских организаций также выступили с интересными докладами, вызвавшими живой интерес у аудитории и дисскуссию. Среди них доклад Е.В. Суворовой по реальным искам пациентов, предъявляемых к медицинским организациям с анализом по г. Темиртау Карагандинской области; доклад Сагындыковой М.К. о проблемах и юридических аспектах, возникаемых в деятельности наркологического центра по данным Областного наркологического центра при акимате Северо-Казахстанской области.

Также в прениях выступали региональные представители и представители вузов. Так, профессор КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова К.К. Куракпаевотметил масштабность круглого стола и обозначил круг нерешенных вопросов, которые следует дорабатывать как на уровне местных органов, так и на уровне разработки и утверждения законодательных актов. Одним из них был вопрос о рисках в связи с введением обязательного социального медицинского страхования. В частности, вопросы оплаты медицинских услуг, их тарификация и оплата труда медицинских работников.

В заключение профессор Г.Ж. Капанова предложила внедрить курсы повышения квалификации по медицинскому праву в магистратуре. Возможно, это будут интегрированные курсы на основе междисциплинарного подхода совместно со специалистами Академии МВД РК. Участники круглого стола пришли к выводу о принятии резолюции и выработке предложений совместно с представителями Академии МВД РК о внесении изменений в некоторые правовые документы с последующим представлением их для рассмотрения в вышестоящие инстанции.

**Гульнар КАПАНОВА,**
*д.м.н., профессор кафедры политики и организации здравоохранения, Высшая школа общественного здравоохранения*

**Республикалық ғылыми-әдістемелік кеңестің ОӘБ мәжілісі аясында «Университеттердің білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық әлеуетін арттыру» атты 47-ші халықаралық конференция өтті**

# КУРАТОР-ЭДВАЙЗЕРЛЕР ЖҰМЫСЫ – РУХАНИ ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

**Қоғам бойындағы барлық күш-қуатты бойына жинақтаған күш – жастар. Мемлекеттің қуатын арттырып, азаматтық қоғам қалыптастыру үшін жастар тәрбиесін ішкі саясаттың негізгі бағыттарының бірі санап, үнемі назарда ұстау жөн. Осы қағиданы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жастарға тәрбие беруде берік ұстанады. Тарих, археология және этнология факультетінің дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы да университеттің даму стратегиясы аясында тәрбие жұмысына көп көңіл бөліп, оны білім және ғылыммен сабақтастырып отыр.**

Эдвайзерлердің жұмыс жоспары университеттің эдвайзерлер туралы академиялық саясатынан туындайтыны белгілі. Олардың қазіргі таңдағы стратегиялық міндеті студенттер арасында дәстүрлі рухани адамгершілік құндылықтарды, толеранттылықты, салауатты өмір салтын, экологиялық білімді, салауатты моральдық атмосфераны, жеке қарым-қатынастағы жоғары мәдениет пен өзара көмек және корпоративті ынтымақтастықты уағыздауға бағытталған.

Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасында аталған жауапты міндетті 15 эдвайзер абыроймен атқаруда. Атап өтсек, Р.С. Мырзабекова, Г.С. Беделова, Е.А. Надежук, А.Қ. Тоқсанбаев, Т.Н. Мұхажанова, П.Н. Нұсқабай, Б.Е. Нұрпейісова, А.П. Ақынова, Н.К. Алпысбаева, Ж.Б. Қожабекова, М.Т. Райымбекова, Ш.Т. Бұлғауов, Г.Е. Сабденова, Е.Т. Қартабаева, А.Т. Сүйінова. Ендеше, «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп есептейтін эдвайзерлеріміздің тәрбие саласы бойынша ұйымдастырған сан қырлы жұмысына шолу жасасақ. Мәселен, олар факультетке тиесілі №10 жатақханаға үнемі барып, студенттердің жағдайына қанығып, кеңестер беріп отырады.

Жастарды отансүйгіштікке тәрбелеу мақсатында эдвайзерлер факультет, кафедра деңгейінде тақырыптық кештер, кездесулерді жиі өткізіп келеді. Биылғы оқу жылында патриоттық тәрбие тақырыбында Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы ерекше орын алды. Кафедра эдвайзерлері ұйымдастырған «Тәуелсіздікке 25 жыл: жетістіктері мен келешігі», «Аңсаумен жеткен аманат», «Места исторической памяти казахстанцев» сынды көптеген шаралар – осы мақсаттың көрінісі.

Мәдени-эстетикалық тәрбиені арттыру мақсатында куратор-эдвайзерлер студенттерді театр, мұражайларға апарып қайтты. Жастардың танымдық қабілетін байытуды көздеген эдвайзерлер Ғ. Мүсірепов атындағы жасөспірімдер мен балалар театрына, М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театрының қойылымдарына жиі барып тұрады. Бұл шарада, әсіресе, белсенділік көрсеткен 1-курс эдвайзерлері. Бұны университет табалдырығын жаңадан аттаған жастарды білімді азамат қана емес, рухани дүниесі мол қоғам мүшесі ретінде қалыптастыруға деген эдвайзерлердің ұмтылысы деп қарауға болады.

Діни сауаттылықты арттыру, ана тілді дәріптеу мақсатында да тәрбие шараларын өткізіп, тақырыптық кештер мен қоғам және мемлекет қайраткерлерімен кездесулер өткізілді. Студенттер Оразалы Сабден, Есен Елеукен, И.В.Ерофеевамен арнайы кездесіп, ой бөлісті. Ал мемлекеттік тілді дамыту аясында өткен тақырыптық кештер, мәдени шаралар болашақ тарихшылардың көкжиегін кеңейтіп, әлеуетін арттыра түсті. Факультет көлемінде ұйымдастырылған «Тіл тірегіміз – соғып тұрған жүрегіміз» атты сайысқа эдвайзер Т.Н. Мұхажанова команда құрып, бірінші орынды иеленсе, «1 курс таланттары» тақырыбындағы факультет кешін эдвайзер Г.С.Беделова мен Е.А. Надежук ұйымдастырды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған шараларды ұйымдастыру куратор-эдвайзерлердің әдетіне айналған. Эдвайзерлер ұйытқы болған «Жастар шылымға қарсы», «Жаны саудың – дені сау» т.б. тақырыптар шеңберіндегі жиындар салауатты өмір салтын насихаттай түсті.

Эдвайзерлік сағаттардың тақырыптарын алуан түрлі етіп өткізу – студенттердің тәрбиесіне оң ықпал етіп, білімін арттыра түсетіні сөзсіз. Бұл орайда кафедрада эдвайзерлік сағаттар айына 2 рет өткізіледі. Мақсаты – жан-жақты тәрбие беру, тәртіп бұзушылықтың алдын алу, қателіктен сақтау және оқу саласында кеңес беру. Тақырыптардың шеңбері: «Мамандығым – мақтанышым», «Діни экстремизмге қарсы күрес», «Қысқы оқу сессиясының нәтижелері», «Елбасының жолдауын талқылау» және т.б. Сонымен бірге эдвайзерлер кураторлық сағаттарында университет және мемлекет деңгейіндегі нормативті құжаттармен студенттерді таныстырып отырады.

Университет деңгейіндегі шараларға да, ең алдымен, куратор-эдвайзерлер белсенді атсалысады. «Жастар форумы», «Жалын», «Frash man» сынды сайыстардан бастап, тазалық, сенбілік жұмыстарына да студенттерді жұмылдыру – эдвайзерлердің тікелей қатысуымен жүзеге асады.

Міне, оқытушылардың кәсіби қызметінің аса маңызды көрсеткіші болып табылатын куратор-эдвайзерлер жұмысының атқарар рөлі аса маңызды. Бұл университеттегі ұжымдық жоғары мәдениеттің, биік рухтың көрінісі десек, артық емес.




**Р.С. МЫРЗАБЕКОВА,**
*дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

# Үздік университет

**Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы мен «Логистика 15-Қ2» тобының студенттері «Әлемдік білім беру кеңістігіндегі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің орны» тақырыбында ашық эдвайзерлік сабақ өткізді.**



Студент-жастар арасында университеттің тарихын, жетістіктерін, болашақтағы жоспарлары мен перспективалары туралы насихаттау, туған университетіне деген сүйіспеншілік сезімін арттыруды мақсат еткен шара барысында студенттер қонақтармен викторина сұрақтарына жауап берді. Бұл олардың университет тарихы, атақты түлектері, мемлекеттің дамуына зор үлес қосқан елдің ұл-қыздары туралы, осы күнгі жаңалықтары мен жеткен жетістіктері, Экономика және бизнес жоғары мектебінің жүргізіп жатқан ғылыми, мәдени іс-шаралары туралы қаншалықты деңгейде ақпараттары бар екендігін байқатты. Сұрақтарға белсенді жауап берген студенттер университет символикасы бар кішігірім сыйлықтармен марапатталды.

Негізі «университет» деген сөз латын тілінен аударғанда «жиынтық» деген мағына береді екен. Яғни, университет – бұл ғылыми білімнің негізін құрайтын негізгі пәндерді оқытатын жоғары оқу орны болып табылады. Бұл тұрғыдан «классикалық» университет түсінігін неғұрлым кешірек пайда болған және қазіргі уақытта өте көп таралған арнайы жоғары оқу орындарынан, мысалы ауыл шаруашылық, құрылыс, педогогикалық, медициналық және т.с.с. университеттерден ажырата білу қажет.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өзінің ойлау мен іс-әрекетінде ерікті, тек қажетті білімдер мен біліктіліктердің ғана емес, сонымен қоса жан-жақты дамыған, сыни ойлау қабілеті жетік «кәсіби маманның» қалыптасуы жүреді. Біздің қара шаңырақта жас буынды тәрбиелеудің өзіндік ұстанымы бар: оқумен үйлескен студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары, жеке және топтық бастамалар мен жобаларды іске асырудың сан-түрлі мүмкіндіктері, мәдени-спорттық инфрақұрылым – болашақ мамандардың белсенді азамат болып қалыптасуында өлшеусіз рөл атқарады.

2016 жылғы QS рейтингінде әлемнің ең беделді 800 жоғары оқу орны арасында 236-орынға ие болып, 1 жыл ішінде 39 позицияға көтерілген Қазақ ұлттық университеті осы күндері қазақ білім беру ісінің қара шаңырағы. Негізі қаланғаннан бастап ұлттық мәдениетке, ғылымға, ұлттық сана мен психологияға, экономикалық, ғылыми-техникалық дамуына, республиканың зиялы қауымын, басқарушы, прогрессивті тобын қалыптастыру ісінде өлшеусіз орын алатынын ешкім жоққа шығара алмайды. ҚазҰУ-дың Қазақстанда ең сапалы әрі халықаралық талаптарға сай білім бағдарламаларын ұсынып отырғаны, прогрессивті әрі критикалық ойлау қабілеті жақсы дамыған кадрлар даярлаудың ұстаханасы екені баршаға мәлім.

Көп жылдан бері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ отандық ұлттық рейтингте бірінші орын алып келеді. Өзінің ғылыми, мәдени потенциалын барынша қолдану арқылы университетіміз халық алдында тұрған ең басты міндет – 2050 жылы ең дамыған 30 елдердің қатарына ену жолында талмай еңбектеніп келеді. 2017 жылы өзінің интеллектуалды ресурстарының көмегімен ел тарихындағы алғашқы университеттік жер серігін ғарышқа ұшырмақшы, Орталық Азияның университеттері арасында алғаш болып БҰҰ «Академиялық ықпал» жобасының жаһандық хабын басқарды.

Атақты халықаралық «Great Value Colleges» ұйымының қорытындысы бойынша, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемнің технологиялық тұрғыдан ең дамыған 50 университеті қатарына кіріп, рейтингте 31-орынды иемденді. Сонымен бірге Сингапур, Жапония университеттерімен бірге бүкіл Азия континентінен кірген бірден-бір ЖОО екенін айтып кеткеніміз жөн. Республика және орталық Азия деңгейінде университетіміз Еуроодақтың еуроодақ мүшесі болып табылмайтын елдердің студенттері мен магистранттарына, PhD докторларына арналған ERASMUS+ бағдарламасының көшбасшысы. 2016 жылдың 2 қарашасында білім беру мен студенттердің халықаралық академиялық мобильділігіне бейімделген американдық «The Best School» ұйымы біздің университетке «Қазақстандағы ең сапалы университет» деген дәреже берді.

Сондай-ақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ беделді Thomson Reuters агенттігінің «2011 жылғы ғылым төңірегіндегі жетістіктері үшін» арнайы дипломымен марапатталған Қазақстан Республикасындағы алғаш жоғары оқу орны болып табылады.

Шара барысында студенттер осындай университет жетістіктеріне қанығып, өз оқу орнын мақтан тұтатындықтарын жеткізді. Жастардың рухани, азаматтық және спорттық тұрғыдан дамуына барлық жағдай жасап жатқан университетімізге Экономика және бизнес жоғары мектебі студенттерінің айтар алғысы шексіз!

**А.Н. ТҰРҒЫНБАЕВА,**
*э.ғ.д., профессор м.а.;*
**Д. ҰЗАҚБАЙ,**
*студент*

Ученые КазНУ представили эскизный проект благоустройства русла реки Керенкулак

ОҚЫРМАН ХАТЫ

# ҚАЗҰУ – МЕНІҢ АРМАНЫМ!

**Үлкен өмірге қадам басқан сәттен-ақ көп дүниелерге таңдау жасауға тура келеді. Ата-анамыз бала күнімізде үнемі біз үшін таңдау жасап, болашағымыздың жарқын болуына ықпал етсе, енді, міне, есейіп, бой жеткен шағымызда барлық таңдау тікелей өзіміздің қалауымызбен жасалады. Сәби күнімізде ойыншық таңдап, оқушы шағымызда мектептегі пәндер мен құрбы-құрдастарды таңдай білсек, ал қазір мамандық таңдап, болашақты айқындайтын сәт те келіп жеткенін сеземіз.**



Мен мамандық таңдауға келгенде көп ойланған жоқпын. Өйткені менің табиғатым кішкентай күнімнен өнерге, өлең оқуға, сөйлеуге, жазуға өте жақын болды. Өнер дейтін құдіретті өлкенің шынайы сыры мен жырына құмар болып өстім. 6-сынып табалдырығын аттаған сәттен-ақ мені осы мамандық өзіне ерекше баурап алды.

Мен кітап дейтін асыл қазынамен доспын. Көп оқығанды ұнатамын. Газет-журналдардағы, теледидардағы жаңалықтар мені елеңдетпей қоймайды, түрлі бағдарламаларды көремін және оларды өздігімше сараптап, жақсысын көңілге түйемін. Менің ойымда сан мыңдаған арман-тілектер, жоспарлар, мақсаттар тұр. Осы мақсаттарыма жету үшін маған тек қана журналистика мамандығы көмектесе алады. Өз қалауыммен дәл осы мамандықты таңдай отыра, ерекше құлшыныспен, шынайы сүйіспеншілікпен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне түсуді армандаймын.

Елімізде журналистика саласында өз қолтаңбасын қалдырған жандар жетерлік. Менің ойымша, өзіндік бағытыңды айқындап алуға жолбасшы керек. Гүлназ Әлімгерей, Мақсат Толықбай, Маржан Сұлтанбаева, Ирина Советжанқызы, Анна Данченко сияқты өз ісінің шеберлері болуды қалаймын. Мен нағыз журналист болғым келеді. Нағыз журналист – жағдайды ішінен іздей білетін, мәселені турасынан шешетін, сұрақты төтесінен қоятын, өзіне сенімді, жігерлі, мықты, тәуекелшіл жан. Міне, мен осындай журналист болғым келеді!

Әркім өз арманына жету үшін аянбайды. Әр арманның өзінің алтын көпірі болады. Мен өз арманымның орындалуын ҚазҰУ-мен байланыстырамын. Еліміздің көшбасшы оқу ордасында білім алғым келеді. Журналистиканың майын ішіп, жілігін шаққан нағыз шеберлер осы жерден түлеп ұшқан. Бұл университет – еліміздегі терең білім мен жоғары жетістіктердің ордасы, оның ішінде журналистикаға баптайтын ең үздік оқу орны.

Бірде бір ойшылдан: «Сіз қандай ұстазсыз?» – деп сұрақ қойыпты. Сонда ұстаз: «Сен менің шәкірттерімді көр», – деген екен. Сол сияқты осы университеттің шәкірттері – еліміздің ең үздік мамандары, өз ісінің хас шеберлері. Арман өзіне сенімді болсаң туады. Мен де өз арманыма сенемін. Ол – ҚазҰУ-ға оқуға түсу! Менің арманымның бейнесі!

**Айжүрек АБЕТЕЙ,**
*№ 36 мектеп-гимназиясының*
*11-сынып оқушысы*

**АНА**

*Жапырағын бақыттың жұлып берген,*
*Әрдайым атқан таңнан үміттенген,*
*Анашым, қуанышым күн шуақты,*
*Сен маған әркез ақ тілеуді тізіп берген*
*Алармын мен өзіңнен күш қуатты.*

*Қаншалықты сен жайлы жырласам да,*
*Өзіңдей жан таппаспын мұңдасарға.*
*Сенсің ғой менің бақыт, берекем де,*
*Ауырмашы, аяулым, ешқашанда,*
*Сарқылмас сонда менің мерекем де.*

**Аяжан САҒИДОЛДА,**
*№169 мектеп-лицейінің*
*10-сынып оқушысы*

# ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕЙТІН ОҚУ ОРДАСЫ

**Жан-жақты, инновациялы, жаңа технологиялар мен әдістерді қолданатын оқу орнын таңдау бітіруші түлектер мен ата-аналар алдында тұрған басты мақсат болып табылады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Терең білім –тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» деген сөздерінен-ақ білімнің елді алға жетелейтін нысан ретінде қарастырып отырғанын байқауға болады.**



Қазіргі таңда елімізде 180-ге жуық жоғары оқу орны бар екен. Олар ғаламдық рейтингтерге белсенді қатысады. Ұлыбританияның халықаралық QS рейтингінде барынша табысты нәтижелерге жеткен оқу орны – әлемдегі алдыңғы қатарлы 800 университет ішінде жетекші 236-орынды иеленген, озық технологиялармен оқытып, үздік әдістерді қолданатын, жылдар бойы қалыптасқан тарихы бар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ болып табылады. Бұл жетістік тек республика деңгейінде ғана емес, Орталық Азия университеттері арасында тұңғыш рет орын алып отыр. ЖОО-да 15 факультет, колледж, біліктілікті арттыру институты, жеті ғылыми зерттеу институты, докторлық диссертацияны қорғау бойынша алпыс жеті мамандық негізінде жиырма бес мамандандырылған диссертациялық кеңесі бар. Университет 20 мыңнан аса студент пен магистрант, докторанттарды қамтиды.

ҚазҰУ-дағы оқу ерекшелігі: кең ауқымды ғылыми база, жоғары білікті оқытушы құрамы, ғылым және біліммен айналысуға арналған жоғары мүмкіндік, жастар үшін аса тартымды жағы: белсенді де қызықты студенттік өмір. Жастардың белсенді студенттік өмірі мәнді де әмбебап. Мұнда 200-ге жуық студенттердің өздері басқаратын ұйымдар тіркелген. Оған кез келген студент өзінің көшбасшылық қабілетін көрсете отырып мүше бола алады. Бұл ұйымдар негізінде жастар біліммен қатар, шығармашылық пен ұйымдастырушылық, ортамен, қоғаммен қарым-қатынас орнатуды үйренеді, көптеген достар табады. Білім алушылардың ғылыми ізденісіне бағытталған жыл сайын студенттік конференциялар мен республикалық ғылыми жарыстар өткізіліп отырады. Олар: «Студенттің ғылыми ізденіс жұмыстары», «Ғылым әлемі», сондай-ақ шығармашылық даму бағытындағы «Ана тілі аруы», «Мисс КазНУ», «Студенттік көктем» т.б.

Студенттік өмірге атсалыса отырып, студенттер өмірлік тәжірибе жинақтайды. Себебі ұйымдар ішінде әлеуметтік мәнге ие «Сұңқар» кәсіподақ ұйымы бар. «Сұңқардың» мақсаты мүше студенттер мен әлеуметтік қорғауды қажет ететін жастарға көмек беру, одан бөлек ұйым мүшелері жетімдер үйіне қайырымдылық шараларын ұсынып отырады.

ҚазҰУ қалашығында орналасқан Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, ауқымды спорт кешені, тамақтандыру комбинаты, кинотеатр, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы және Олимпиада чемпионы Д. Баландин атындағы жүзу бассейні – бәрі де студент игілігі үшін жұмыс істеуде.

Университет қабырғасында ғылыми ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдай жасалған. Еліміздің ұлттық ЖОО рейтингінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жыл сайын алғашқы орыннан көрінуде. Бұл университеттің білім мен ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды.

**Ж.Я. ӘУБӘКІРОВА,**
**А.Б. АЙТБЕМБЕТОВА**

***Таяу және Орта Шығыс кафедрасында «Қазақстан мен Үндістанның ынтымақтастығы: өткені мен болашағы» атты халықаралық онлайн конференция өтті***

# Қазақстан алға! ҚазҰУ самға!

















**Суреттерді түсірген Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор.: ***Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА***
Жауапты хатшы – ***Дариға АМАНКЕЛДИЕВА***
Тілшілер: ***Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Анвар УШУРОВ***
Дизайнер – ***Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ***
Фототілші – ***Марат ЖҮНІСБЕКОВ***
Корректорлар: ***Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА***

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
***kazuniver2016gazeta@gmail.com***

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.:2-93-09-09

***Бағасы келісім бойынша.***
***Таралымы 1000 дана***
***Тапсырыс: №39***

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.